Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабының 10 және 10-1-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабының 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.1.1. Төменде санамаланған құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда:сатып алынатын жұмыстардың тізбесі (Шартқа 1-қосымша);техникалық ерекшелік/техникалық тапсырма (Шартқа 2-қосымша);ішкі елдік құндылық бойынша есептілік (Шартқа 3-қосымша);Шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (Шартқа 4-қосымша);Жұмыстарды жүргізу кестесі (Шартқа 5-қосымша);Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат (Шартқа 6-қосымша);

1.2. Жұмыстарды орындау мерзімі былайша белгіленеді:басталуы: 202_ жылғы «___» _____;аяқталуы: 202_ жылғы «___» _____.Жұмыстарды орындаудың аралық мерзімдері бекітілген Жұмыстарды жүргізу кестесінде (Шартқа 5-қосымша) көзделеді.

1.3. Мердігер Жұмыстарды өзінің тәуекелімен және өзінің материалдарын пайдалана отырып орындауға міндеттенеді. Материалдар сапалы, жаңа, бұрын пайдаланылмаған болуы тиіс.

1.4. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып:- «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өнім беруші кодексінің (бұдан әрі – Өнім беруші кодексі) мазмұнын мұқият зерттегенін және түсінгенін растайды, сондай-ақ Мердігердің Өнім беруші кодексіне толық сәйкестікте әрекет ететінін растайды.Орналастырылған Өнім беруші кодексіне баратын жол (сілтемелер):https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Орындалған жұмыстар актісіне (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды):

2.4.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық нысандағы шот-фактура;

2.4.3. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.

2.4.4. Орындалған жұмыстар актісінің түпнұсқасы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.5. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Жұмыстар актісіне (-леріне) Шарт Тараптары ҚР заңнамасында көзделген нысан бойынша қағаз тасығышта қол қояды.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемнің кешіктірілгені үшін жауапты болмайды.

2.8. Жұмыстар толық көлемде орындалып біткеннен кейін Тараптар 30 күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды.

2.9. Мердігердің нақты шығыстары Шарттың жалпы сомасын айқындау кезінде ескерілген шығыстардан аз болған (үнемдеу) жағдайда (үшінші тұлғалардың шығыстарын төлеу, салықтар, баждар және т.б.), Тапсырыс беруші Мердігер алған үнемдеу сомасына Шарттың жалпы сомасын азайтуды талап етуге құқылы.

2.10. Төлем нысаны – ақшаны Мердігердің есеп айырысу шотына аудару арқылы.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

3.1. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы/аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету айлық есептік көрсеткіштің 170 000 еселенген мөлшерінен асса және Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі ретінде банктік кепілдікті таңдаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде мынадай критерийлерге сәйкес келетін:1) ҚР екінші деңгейдегі банкінің (бұдан әрі – ЕДБ) кепілдігін қабылдайды:- банктік кепілдік берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындауы;- шетел валютасында Standard&Poor's / Fitch бойынша «B-» немесе Moody's Investors Service бойынша «B3» деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің не бас ұйым рейтингінің болуы. ЕДБ-де рейтинг болмаған жағдайда, осы ЕДБ акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей тиесілі ЕДБ акционерінің (қатысушысының) рейтингі, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса, есепке алынуы мүмкін;2) шет ел заңнамасына сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын және шетел валютасында Standard&Poor's / Fitch бойынша «BBB» немесе Moody's Investors Service бойынша «Baa2» деңгейінен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктің кепілдігін қабылдайды.Бірден көп рейтинг болған жағдайда, есеп айырысу кезінде олардың ең нашары негізге алынады. Бұл ретте, банк Шарттың бүкіл орындалу мерзімі ішінде осындай критерийлерге сәйкес келуі тиіс, әйтпесе – Мердігер Рейтинг өзгерген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы пункттің талаптарына сәйкес келетін басқа банктен кепілдік беруге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Мердігер ұсынған банктік кепілдік бойынша Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді банкте алуы мүмкін болмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге жаңа банктік кепілдік ұсынуға міндетті.

3.3. Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

3.4. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге өзінің шарттық міндеттемелерін орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын ұстап қалуға құқылы.

3.5. Егер Тапсырыс беруші аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету және/немесе шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде сақтандыру шартын қабылдаса, онда мұндай шарт Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес келуі, төленген аванстың (алдын ала төлемнің) бүкіл сомасын жабуы және сақтандыру шарты берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 12 (он екі) ай ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтайтын сақтандыру ұйымымен берілуі тиіс. Сақтандыру шартына нөлдік шартты франшиза талаптарымен қол қойылуы керек.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Мердігер:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

4.1.2. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.3. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

4.1.4. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.6. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.7. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.8. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.9. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қор операторы бекіткен, орындалуы және көрсетілуі кезінде тауарларды өндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде Жұмыстар болған жағдайда, Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуды қамтамасыз етуге; Өнім берушінің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндірушіден (олардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістерді құру жөніндегі жобаны (оларды) іске асыратын ұйымды (ұйымдарды), тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы болып табылады. Өнім беруші тауарларды жеткізудің бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың талаптарынан туындаған Өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге құны тауар өндіруші/Жаңа өндірістерді құру жобасын іске асыратын ұйым ұсынған тауардың (тауарлардың) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және тауарларды (тауарларды) қабылдау-тапсыру актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету түрі] түрінде немесе Тәртіпке 15-қосымшаға сәйкес ресімделген өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартымен, қолданылу мерзімі Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәтке дейін болатын, Шарттың жалпы құнынан [Шарттың орындалуын қамтамасыз ету пайызы] % мөлшерінде қолданылу мерзімі Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу;Егер Мердігер Тәртіптің 43-бабының 7-пунктінде көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, бұл міндеттеме Мердігерге қолданылмайды.Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін толық және тиісінше орындаған жағдайлары қосымша болып табылады. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хат, телеграмма, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама хабарламаға теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі.Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-пунктінің талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ауыстырмаған жағдайда, онда Тапсырыс беруші осы пунктте көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.11. апсырыс берушіге орындалған Жұмыстарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсыну, соның ішінде:

4.1.11.1. Электрондық құжат нысанында Шарт шеңберінде көрсетілген Жұмыстардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы ішкі елдік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.11.2. Орындалған Жұмыстар актісінің түпнұсқасы Веб-порталда электрондық түрде, сондай-ақ міндетті түрде қағаз тасығышта;

4.1.11.3. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы жазылған электрондық нысандағы шот-фактура;

4.1.12. Орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушіге Шартта және Жұмыстарды жүргізу кестесінде (5-қосымша) көзделген талаптарға сәйкес, мерзімдерде және тәртіппен тапсыру;

4.1.13. Жұмыстарды орындау барысын баяулататын немесе Жұмыстарды бұдан әрі орындауды мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда, мұндай мән-жайлар басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге хабарлау;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.14. Заңнама талаптарының сақталуын, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, Тапсырыс берушінің, соның ішінде Мердігерге берілген мүлкінің сақталуы мен тұтастығы бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

4.1.15. Қазақстан Республикасы заңнамасының және Шарттың өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптары бұзылған жағдайда, бар бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Жұмыстарды орындауды, соның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша тоқтата тұру. Бұл жағдайда Жұмыстарды орындауды тоқтата тұру Мердігердің кінәсінен болған бос тұрып қалу болып табылады;

4.1.16. Шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты (6-қосымша) орындалған Жұмыстар актілерімен бірге ұсыну;

4.1.17. Орындалған Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау барысында анықталған, орындалған Жұмыстардың сапасын нашарлататын барлық анықталған дефектілер мен кемшіліктерді Тапсырыс берушінің дефектілік актісінде көрсетілген мерзімдерде өз күшімен және өз есебінен өтеусіз жою;

4.1.18. Жұмыстарды орындау кезеңінде анықталған, орындалған Жұмыстардағы кемшіліктер мен дефектілерді Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен және өз күшімен жою;

4.1.19. Жұмыстарды орындау үшін қажетті, Мердігер жеткізген материалдарға, жабдықтарға, жиынтықтаушы бұйымдарға лицензиялар (сертификаттар) алуға байланысты барлық шығыстарды өз бетінше өтеу;

4.1.20. ҚОӘС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік ауысқан жағдайда, бұл туралы ҚОӘС бойынша тіркеу есебіне қою туралы жаңа куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлау.ҚОӘС бойынша тіркеу есебінен шығарылған жағдайда, бұл туралы ҚОӘС бойынша тіркеу есебінен шығару туралы құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлау.Шарт жасасу сәтінде Мердігер ҚОӘС төлеушісі болмаған, бірақ кейіннен ҚОӘС бойынша тіркеу есебіне тұрған жағдайда, бұл туралы ҚОӘС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін қоса бере отырып, 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлау;

4.1.21. Мердігердің Жұмыстарды орындау кезінде жол берген табиғатты қорғау заңнамасын бұзуы салдарынан Тапсырыс берушіге немесе үшінші тұлғаларға келтірілген шығындарды өтеу, сондай-ақ қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы төлеу бойынша шеккен шығыстарын өтеу;

4.1.22. Жұмыс орындалған аумақтағы, жұмыс алаңындағы және оған іргелес жатқан аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсер етуінің теріс салдарларын толық жоюды қамтамасыз етеді;

4.1.23. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды орындау үшін қажетті давальдық шикізатты қабылдау, соның ішінде (Жұмыстарды орындау кезінде жаңа өндірістер құру жобасын іске асыру шеңберінде әлеуетті өнім берушілер өндіретін тауарлар тізбесіне енгізілген және Тапсырыс беруші осы тауарларды сатып алатын тауарлар пайдаланылатын Жұмыстарды сатып алу жағдайында көрсетіледі):Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс беруші давальдық негізде ұсынған тауарларды Жұмыстарды толық көлемде орындау үшін қажетті мөлшерде үнемді және ұқыпты пайдалану;Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс беруші давальдық негізде ұсынған тауарлардың жұмсалуы туралы ай сайынғы және/немесе қорытынды есепті/есептерді ұсыну;Жұмыстарды орындағаннан кейін қалған, Тапсырыс беруші давальдық негізде ұсынған тауарларды қайтару немесе (Тапсырыс берушінің келісімімен) Мердігерде қалған пайдаланылмаған тауардың құнын ескере отырып, Жұмыстың бағасын азайту;Мердігердің Тапсырыс беруші давальдық негізде ұсынған тауарларды Жұмыстарды орындау кезінде пайдалану бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлеу.

4.1.24. Тапсырыс беруші Мердігердің кінәсінен заңнаманы, соның ішінде экология, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздікті бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған жағдайда (бірақ бұлармен шектелмей), Тапсырыс беруші шеккен айыппұлдарды толық көлемде өтеу;

4.1.25. Мүліктің және өзіне сеніп тапсырылған Тапсырыс берушінің басқа да материалдық және материалдық емес құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпеу нәтижесінде келтірілген шығындарды қоса алғанда, шығындарды толық мөлшерде өтеу;

4.1.26. Жұмыстар аяқталғаннан кейін барлық құқықтар, соның ішінде Жұмыстардың нәтижелеріне ерекше құқықтар Тапсырыс берушіге ауысады;

4.1.27. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін рұқсат беру құжаттарының, авторлық құқықтардың және лицензиялардың болуы (Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай талаптар белгіленген жағдайда көрсетіледі);

4.1.28. апсырыс берушіден сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерлер және үлестестік бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-анасы, балалары) туралы мәліметтерді ЖСН-ін көрсете отырып, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін ұсыну;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.29. ESG қағидаттарын сақтау (Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ағылш. Environmental, Social, and Corporate Governance, ESG) – компанияны басқару сипаттамаларының жиынтығы, бұл ретте аталған компанияның экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық мәселелерді шешуге тартылуына қол жеткізіледі);

4.1.30. Жұмыстарды орындау кезінде отандық тауарларды/материалдарды сатып алуды осы тауарларды/материалдарды шығаратын отандық тауар өндірушілерден жүзеге асыру (олар ҚР-да өндірілген жағдайда). Осы тауарларды шығаратын отандық тауар өндірушілер нарығына мониторинг Холдингтің, Тапсырыс берушінің ақпараттық деректер базаларын, соның ішінде Отандық тауар өндірушілер тізілімін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы уәкілетті органының отандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын тиісті ақпараттық деректер базаларын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4.1.31. Тапсырыс берушіден Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына жүргізілген мониторинг нәтижелерін алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде аталған мониторингте көрсетілген ескертулерді/кемшіліктерді жою.

4.1.32. Тапсырыс беруші көрсеткен мерзімде Тапсырыс берушінің өкілдеріне Жұмыстарды орындау орындарына кіруді қамтамасыз ету және тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандардың, жабдықтардың, техниканың (техникалық құрылғылардың), ғимараттардың (құрылыстардың), үй-жайлардың, бағдарламалық қамтамасыз етулердің нақты бар екенін растау;

4.1.33. Қаржылық агентке осы Шарттан туындайтын Тапсырыс берушіге қойылатын өзінің ақшалай талабын ақшалай талапты беруді қаржыландыру шарты (факторинг) (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша бермеу;

4.1.34. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды ұсыну:Факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін;Факторинг шартына Мердігер тарапынан қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды.

4.1.35. Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алу. Жұмыстар шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін КӘП-пен келісу бойынша Қордың сатып алу жөніндегі операторы бекітеді.

4.1.36. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік сайтында орналастырылған Өнім беруші кодексінің талаптарын сақтау:https://railways.kz/en/corporate-governance/corporate-documents/ https://railways.kz/ru/korporativnoe-upravlenie/korporativnye-dokumenty/https://railways.kz/kk/korporativtik-basaru/korporativtik-zhattar/;- жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер жұмыскерлерінің, қосалқы мердігерлер, бірлесіп орындаушылар жұмыскерлерінің және осы шартты орындауға тартылған өзге де тұлғалардың Өнім беруші кодексінің талаптарымен танысуын және оларды орындауын қамтамасыз ету».

4.1.37. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау;осы Шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін өзінің басқа шарттар, мәмілелер бойынша 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтауын, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындауын қамтамасыз ету;Мердігер жасасатын шарттарға Мердігер контрагентінің және оның 5-деңгейге дейінгі контрагенттерінің жасасылған шарттың/шарттардың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ Шарт бойынша соңғы кіріс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін салық салудың міндеттілігі қағидатын сақтау, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын тиісінше орындау міндеттемесіне қатысты талаптарды енгізу.

4.1.38. Қазақстан Республикасының өндірістік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау;

4.1.39. Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін тартылатын өзінің жұмыскерлерін, үшінші тұлғаларды жұмыс орындалатын объектіде қолданылатын және Тапсырыс берушіден алынған Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы стандарттарымен, регламенттерімен, нұсқаулықтарымен және өзге де құжаттарымен қол қойғыза отырып таныстыру.

4.1.40. Тапсырыс беруші белгілеген нысандар бойынша және мерзімдерде Тапсырыс берушіге ӨҚ жағдайы туралы ақпаратты ұсыну.

4.1.41. Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілген тексерулер мен аудит нәтижелері бойынша анықталған ӨҚ саласындағы сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған түзету іс-әрекеттерін әзірлеу және орындау.

4.1.42. Кіріспе нұсқамадан өту үшін Тапсырыс берушінің жұмыскерлерін (басшы айқындаған, «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» курсы бойынша оқуға жататын жұмыскерлер санаттарын қоспағанда) жұмысқа қабылдау кезінде олардың біліміне, осы кәсіп пен лауазым бойынша жұмыс стажына қарамастан, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметіне жіберу. Еңбек қауіпсіздігі мақсатында қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кіріспе және алғашқы нұсқама уақытша жұмыскерлерге, іссапарға жіберілгендерге, өндірістік практикаға келген оқушылар мен студенттерге, өндірістік алаңдарға келген келушілерге және ұйымның қауіпті өндірістік объектісінің аумағында жұмыстарды жүргізетін мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне жүргізіледі.

4.1.43. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Жұмыстардың орындалу барысы туралы есепті ұсыну.

4.1.44. Мердігер Тапсырыс беруші алдында өзінің мердігерлерінің (қосалқы мердігерлерінің) Шарт бойынша өз міндеттемелерін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады. Мердігер өзінің мердігерлері (қосалқы мердігерлері) алдында Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

4.1.45. Оқиғалардың себептеріне тергеп-тексеру ұйымдастыру және жүргізу, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ресімдеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тергеп-тексеру жөніндегі комиссия құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сонымен қатар уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін енгізу;

4.2. Мердігер:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінімде көрсетілген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтылымды оларға балама болатындарымен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.2.9. Тапсырыс берушінің келісімі болған жағдайда Жұмыстарды мерзімінен бұрын тапсыру;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.6. Мердігер тарапынан дефектілік актіге қол қоюдан бас тартылған жағдайда, қол қоюдан ауызша және/немесе жазбаша бас тартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жұмыстардың анықталған кемшіліктері туралы дефектілік актіге өз бетінше қол қою және оны дәл сол мерзімде аталған кемшіліктерді жою үшін Мердігерге жіберу;

4.3.7. Тапсырыс беруші Мердігердің Шарттың 4.1.32-пунктінде көзделген міндеттемені бұзғаны үшін Шарттың 7.2.14-пунктінде көрсетілген айыппұлды берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.7. Жұмыстардың барысы мен сапасына, олардың орындалу мерзімдерінің сақталуына, сондай-ақ Мердігердің жұмыстарды орындау кезінде пайдаланатын материалдарының сапасына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

4.4.8. Мердігерден Жұмыстардың орындалуына қатысты кез келген ақпаратты сұрату;

4.4.9. Мердігермен келісу бойынша Жұмыстарды жүргізу кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4.4.10. Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда, Мердігерге шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және осыған байланысты туындаған шығындардың сомасын Шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан және/немесе Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында жасалған өзге шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Мердігер алдындағы өзге де кредиторлық берешегінен акцептсіз тәртіппен ұстап қалу;

4.4.11. Жұмыстарды орындау барысында заңнамада және/немесе Шартта белгіленген талаптардан ауытқушылықтар анықталған жағдайда, Жұмыстарды тоқтату себептері жойылғанға дейін Жұмыстарды тұтастай немесе олардың бір бөлігін тоқтата тұру. Бұл ретте, Жұмыстарды орындау мерзімдері бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындауды тоқтата тұру мерзімі Тапсырыс берушінің мерзімді өткізіп алуы ретінде танылмайды және Мердігерді Шарт бойынша жауаптылықтан босатпайды;

4.4.12. Мердігерден Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан туындаған шығындар мен шығыстарды, сондай-ақ қойылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын өтеуді талап ету;

4.4.13. Өз қалауы бойынша және зардаптарды барынша азайту мақсатында Тапсырыс берушінің объектілерінде Шарт бойынша Жұмыстарды орындау процесінде Мердігердің кінәсінен туындаған, қоршаған ортаға зиянды әсер ету зардаптарын оқшаулау мен жою жөніндегі Жұмыстарды орындауға қатысу. Бұл жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мұндай жұмыстарды жүргізуге жұмсалған шығыстарды өтейді;

4.4.14. Мердігер өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің талаптарын сақтамаған жағдайда, Мердігерді Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға жібермеу;

4.4.15. Жұмыстар Шарт талаптарына, соның ішінде орындалу мерзімдеріне сәйкес келмеген жағдайда, Мердігерден көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша орындалған Жұмыстарды қабылдаудан уәжді бас тартуды жіберу. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған кезде Мердігерге оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесін жіберу;

4.4.16. Мердігерден қосалқы мердігерлер мен аффилирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, соның ішінде олардың атауын, БСН-ін, басшылары мен құрылтайшыларының деректерін, жақын туыстары (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), балалары), сондай-ақ жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары, балалары) туралы ЖСН-ін көрсете отырып мәліметтерді, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуын, құрылған күнінен бастап тіркеу өзгерістерін сұрату;

4.4.17. Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ Мердігер Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігердің Шарттың 4.1-тармағының 4.1.32-тармақшасында көзделген міндеттемені орындауына мониторингті жүзеге асыру;

4.4.18. Мердігер Шарттың 4.1.3-тармақшасында көзделген міндеттемені бірнеше рет бұзған жағдайда, Шартты орындаудан бас тарту.

4.4.19. Мердігер Шарттың қолданылу кезеңінде Жеткізуші кодексінде көзделген кепілдіктер мен мәлімдемелерді бұзған жағдайда, өзіне айыппұл санкцияларын (өсімпұлдарды, айыппұлдарды) қолданбастан, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту.

4.5. Тапсырыс беруші Жеткізушіден/Орындаушыдан/Мердігерден факторинг шартына қатысты тиісті ақпаратты және құжаттарды сұратуға құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Жұмыстарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Жұмыстарды қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктерді (жасырын кемшіліктерді) қоса алғанда, орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша наразылықты Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстар орындалған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қояды.Егер Мердігер 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай наразылықты Мердігер мойындаған болып есептеледі және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісінше емес көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермесе, Жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Жұмыстарды аралық қабылдау іс жүзінде аяқталған аралық Жұмыстар бойынша жүргізіледі:

5.6. Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың аралық актілерін ағымдағы айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей ұсынады;

5.7. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған орындалған Жұмыстардың аралық актілерін оларды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырады және оларға қол қояды. Оларға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша уәжді түсініктеме (ақаулық актісін) жібереді және аралық актілердегі жойылуы тиіс кемшіліктерді көрсетеді. Мұндай кемшіліктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоймайды;

5.8. Жұмыстар екі Тарап орындалған Жұмыстардың актілеріне қол қойған күннен бастап Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі.

5.9. Жұмыстарды түпкілікті қабылдау Шартта көзделген барлық Жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

5.10. Мердігер Жұмыстар іс жүзінде аяқталған күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді;

5.11. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған орындалған Жұмыстардың актісін оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырады және оған қол қояды. Оған қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша уәжді түсініктеме (ақаулық актісін) жібереді және актідегі жойылуы тиіс кемшіліктерді көрсетеді. Мұндай кемшілыктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актісіне қол қоймайды;

5.12. Орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша ескертулер болмаған кезде Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың актісіне қол қою арқылы Жұмыстарды қабылдайды;

5.13. Тараптар орындалған жұмыстардың актісіне қол қойған күн Жұмыстардың аяқталған күні болып есептеледі;

5.14. Тапсырыс беруші Жұмыстардың нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін жоққа шығаратын және оларды Мердігер, Тапсырыс беруші немесе үшінші тұлға түзете алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда, Жұмыстардың нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы;

5.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе Жұмыстардың сипатынан туындайтын жағдайларда, орындалған жұмыстардың актісіне қол қойылғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушінің қатысуымен жабдықты алдын ала сынақтан өткізуді жүргізуі тиіс. Бұл жағдайларда Жұмыстардың нәтижелерін қабылдау монтаждалған технологиялық жабдықты және инженерлік жүйелерді алдын ала сынақтан өткізудің оң нәтижесі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

5.16. Осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Жұмыстарды орындау үшін жабдықты/қосалқы бөлшектерді беруді Тапсырыс беруші Тараптар келіскен Жұмыстарды орындау жоспарына сәйкес, филиалдардың пайдалану вагон депосы (бұдан әрі – ВЧД) қалыптастыратын және Мердігермен келісілген кесте негізінде жүзеге асырады;

5.17. Жабдықты/қосалқы бөлшектерді қабылдау және беру Жұмыстарды орындау орны бойынша Тапсырыс беруші мен Мердігердің уәкілетті өкілдерімен, тиісті қабылдау-тапсыру актілерін ресімдей отырып жүргізіледі;

5.18. Жабдықты/қосалқы бөлшектерді Жұмыстарды орындау орнына дейін және кері тасымалдау бойынша шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, тасымалдау құжаттарын ресімдеуді Тапсырыс берушінің ВЧД-сы жүзеге асырады.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Мердігер Жұмыстардың сапасына орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойылған күннен бастап 12 (он екі) айға белгіленген кепілдік мерзімі ішінде кепілдік береді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.2. Мердігер мыналарға кепілдік береді:

6.2.1. пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық спецификацияларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, оларда тиісті сертификаттардың, техникалық паспорттардың және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттардың болуына;

6.2.2. Жұмыстардың сапасы төмендететін ақауларсыз, Шарт талаптарына және қолданыстағы нормаларға, қағидаларға және техникалық шарттарға сәйкес орындалу сапасына. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, соның ішінде негізсіз және рұқсат етілмеген өзгерістерді қамтитын Жұмыстардың нәтижесі ақаулы деп танылады және оны Мердігер тегін түзетуге жатады;

6.2.3. егер кепілдік мерзімі ішінде орындалған Жұмыстарда кемшіліктер немесе Шарт талаптарына сәйкессіздік анықталса, Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өз есебінен және өз күшімен кемшіліктерді жоюға.

6.3. Жұмыстардағы ақауларды жоюды кешіктіру Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4. Мердігер, егер кемшіліктер қалыпты тозу немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, кепілдік мерзімі шегінде анықталған Жұмыстардағы кемшіліктер үшін жауапты болады.

6.5. Кепілдік мерзімінің өтуі Мердігер жауап беретін кемшіліктерді (ақаулар мен шалағайлықтарды) жоюдың барлық уақытына тоқтатыла тұрады.

6.6. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстарда ақаулар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз есебінен ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен бастап басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығыстарды Мердігер көтереді.

6.7. Жұмыстардағы ақауларды жоюды кешіктіру Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.8. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстарда ақаулар немесе олардың Шарт талаптарына сәйкессіздігі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз есебінен ақауларды жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен бастап басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша барлық шығыстарды Мердігер көтереді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігер:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Мердігер орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.3. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын Мердігер сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10% аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауап береді. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.4. Мердігер Шарттың 4.1.10-тармағында белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады және әлеуетті жеткізуші енгізген өтінімді қамтамасыз ету ұстап қалынады;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақтылы жойылмаған ескертулер құнының 0,1%-ы мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс;

7.2.6. Шарт Мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге осындай бұзылудан келтірілген барлық шығындарды өтейді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

7.2.7. Мердігер Шартты орындау барысында Тапсырыс берушінің мүлкіне, Шарт бойынша Тараптар қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мүлкіне, өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруге байланысты барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

7.2.8. Мердігер Жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін белгіленген заңнаманың басқа да талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ осындай бұзушылықтар нәтижесінде туындаған барлық шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген толық мүліктік, әкімшілік және өзге де жауаптылықты дербес мойнына алады;

7.2.9. Тапсырыс беруші Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік құқығымен немесе сенімгерлік басқару құқығымен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйым алдындағы берешектер (соның ішінде шығындар, тұрақсыздық айыптарының сомалары және т.б.) сомаларын Тапсырыс берушінің Мердігер алдындағы кредиторлық берешек сомасынан және/немесе енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету/аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің Мердігер алдында берешегі болмаған жағдайда, шығындар, тұрақсыздық айыптары сомаларын соңғысы тиісті хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлейді;

7.2.10. Подрядчик несет ответственность за вред, причиненный Заказчику в результате нарушения требований природоохранного законодательства, допущенного им при выполнении Работ;

7.2.11. Мердігер Тапсырыс беруші алдында Шартта көзделген талаптардан жол берілген ауытқушылықтар үшін жауапты болады;

7.2.12. Всю ответственность за безопасность проводимых Работ несет Подрядчик;

7.2.13. Мердігер Шарттың 4.1.34-тармағында көзделген міндеттемені бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге факторинг Шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасынан 30% (отыз пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.14. Шарттың 4.1.31-тармағының нормасы орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20%-ы мөлшеріндегі айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады. Айыппұл сомасын Мердігер төлеуге тиіс немесе оны Тапсырыс беруші тараптар орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

7.2.15. Мердігер осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.3. Тапсырыс беруші:

7.3.1. Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемдерді (соның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3.2. Тапсырыс беруші Мердігер ұсынған аванстық төлемді орындауды қамтамасыз етуді қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,01%-ы мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-ынан аспауы тиіс;

7.3.3. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы қабылданбаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ осындай Жұмыстар құнының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3.4. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы қабылданбаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ осындай Жұмыстар құнының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3.5. Тапсырыс беруші құжаттарды ұсыну мерзімін өткізіп алған жағдайда (егер шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Жұмыстарды орындау үшін Мердігерге құжаттар ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудан келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Жұмыстарды нақты орындаған кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.5. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.6. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес Шартты орындауды қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Мердігерге оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалды ұстап қалуға құқылы.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстыенгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы. Жұмыстардың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Мердігерге ол нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.5. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының / байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган / байқау кеңесі болмаған жағдайда – Тапсырыс берушінің басқару органының / жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының)) шешімі негізінде өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Жұмыстардың негізделген мақсатсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің Мердігерге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеуі шартымен жол беріледі.

8.6. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.7. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.8. Мердігер Тапсырыс беруші Шартта көзделген төлем мерзімін қатарынан 2 (екі) айдан астам уақытқа бұзған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы

8.9. Осы Шарттың 8.3, 8.6-тармақшаларында көзделген жағдайларда, оны бұзуға бастамашылық жасайтын Тарап екінші Тарапқа Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, соның ішінде егер бұл хабарлама заңды мекенжайдың өзгеруі себебінен Мердігердің кінәсінен алынбаған жағдайда да осылай деп танылады. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бұзылған күнге іс жүзінде орындалған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың ақысын төлейді. Шартты бұзу туралы хабарлама пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны ресімдей отырып, тапсырыс хатпен жіберілуге немесе екінші Тараптың уәкілетті өкіліне жеке өзіне табыс етілуге тиіс.

8.10. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне енетін күні ескерілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде, Мердігер бұзылған күнге Шартты орындаумен байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғына ақы төлеуді талап етуге құқылы. Алдын ала хабарлау жөніндегі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттемелер Мердігердің аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.11. Шарт Мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бұзылған күнге іс жүзінде орындалған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың ақысын Шарттың 7-бөлімінде белгіленген тұрақсыздық айыбын және Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамау салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды шегеріп тастай отырып төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты тұрақсыздық айыбы мен залалдарының жалпы сомасы Мердігерге төленуге тиіс сомадан асып кетсе, онда айырма Мердігердің берешегін құрайды, ол Тапсырыс берушіге Шарт бұзылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төленуге тиіс.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шартқа Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және [Шарттың қолданылу мерзімі] бойы, өзара есеп айырысулар бөлігінде – Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін, Орындаушының салық заңнамасын бұзушылықтарды анықтау бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде (Шарттың бұзылуына қарамастан) – Шарт бойынша соңғы табыс/өткізу бойынша айналым есептелген/алынған күннен бастап 5 жыл өткенге дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақытқа барабар шегеріледі.

11.4. Жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, Тараптар ешқандай мән-жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қаралмайтынына және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір тәсілмен алып тасталуы немесе шектелуі мүмкін еместігіне келісті.

11.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданысы аяқталғаннан кейін, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда осындай мән-жайлардың қолданысы тоқтатылғаны туралы хабарлауға, бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау болжанатын мерзімді көрсетуге міндетті.

11.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты хабардар ете отырып, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұдан кейін осы Шарт бұзылды деп есептеледі. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге Шарт бұзылған күнге іс жүзінде орындалған және Тапсырыс беруші қабылдаған Жұмыстардың ақысын төлейді.

12. Дауларды шешу тәртібі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

12.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Тапсырыс беруші Мердігерді «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) принциптері мен талаптары туралы хабардар етеді. Мердігер Шартты жасасу арқылы Тапсырыс берушінің Саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және олардың қызметкерлерінің сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

13.10. Шарттың мақсаттары үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не пара алу кезінде жасалатын қасақана әрекеттер, коммерциялық сатып алу не Тараптар қызметкерінің ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, физикалық не моральдық сипаттағы қызметтер түрінде пайда алу, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтарды алу мақсатында Тараптардың заңды мүдделеріне қайшы өз қызметтік жағдайын өзге де заңсыз пайдалануы, не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі және Қазақстан Республикасының не Тараптың болатын және/немесе бизнес жүргізетін елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды алу (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жатады.

13.11. Тарапта Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізді болжам туындаған жағдайда (екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты қылмыстық іс қозғалғаны туралы ақпарат немесе Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де шынайы ақпарат алынған кезде), мұндай Тарап екінші Тарапқа бұл туралы тиісті фактілерді көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді (бұдан әрі – Хабарлама) және екінші Тараптан Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алмағаны немесе орын алуы мүмкін еместігі туралы растау алынғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген растауды екінші Тарап Хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынуға тиіс.

13.12. Тапсырыс беруші Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жасалғаны туралы шынайы ақпарат алған кезде және осы баптың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ережелерін сақтаған жағдайда, екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан толық немесе ішінара біржақты тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шарттың бұзылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

13.13. Шарттың екінші Тарапында Шарттың қандай да бір ережелері бұзылды немесе бұзылуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Шарттың екінші Тарапы бұл туралы Қоғамға кез келген ыңғайлы тәсілмен, соның ішінде байланыс ақпараты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған «жедел желі» арқылы дереу хабарлауға міндеттенеді.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты жасасу кезінде және Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындау барысында өзі қол жеткізген екінші Тараптың құпия ақпаратын жария етпеуге (кез келген үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге, бұған үшінші тұлғаларда нормативтік құқықтық актінің тікелей нұсқауына байланысты тиісті өкілеттіктер болған жағдайлар, не екінші Тарап Шарттың 14.1-тармағына сәйкес айқындалатын құпия ақпаратты ұсынуға жазбаша нысанда келісім берген жағдайлар, сондай-ақ Шарттың 14.4-тармағында көзделген жағдай қосылмайды) міндеттенеді. Егер өзгеше ескертілмесе, Тараптар осы міндеттемені осы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде және Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін 5 (бес) жыл бойы орындайды.

14.4. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптың құпия ақпаратын алуға/жөнелтуге, өңдеуге жауапты тұлғаны тағайындауға және Шарт жасасылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа мұндай тұлғаның электрондық пошта мекенжайын жіберуге міндеттенеді. Тараптар, Тараптардың жауапты тұлғалары электрондық тасымалдағыштардағы ақпарат файлдарын құпия сөзбен қорғау, қағаз тасымалдағыштардағы құжаттарға қатысты арнайы іс жүргізуді жүргізу арқылы екінші Тараптың құпия ақпаратын және екінші Тарапқа жіберілетін өзінің құпия ақпаратын қорғау бойынша шаралар қабылдауға міндеттенеді.

14.5. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа Шарттың 14.1, 14.3, 14.4-тармақтарын бұза отырып, оның құпия ақпаратын жария ету салдарынан соңғысына келтірілген барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

15. Өзге де шарттар

15.1. Шарт бірдей заңдық күші бар 4 (төрт) данада, тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды. Шартқа қатысты Тараптар алмасатын барлық хат-хабарлар мен өзге де құжаттама осы шарттарға сәйкес келуге тиіс.

15.2. Осы Шартқа жасалатын барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса және оларға Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда, оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.3. Мердігер осы Шартқа қол қою арқылы:Тапсырыс беруші қаржы агентіне факторинг шарты бойынша өзі жол берген ақшалай талап сомасын төлеген жағдайда, Мердігердің Тапсырыс берушіге қандай да бір талаптары және/немесе наразылықтары болмайтынын растайды;Шарттың 7.2.13-тармағында көрсетілген айыппұлды факторинг шарты бойынша жол берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға келісім береді;Тапсырыс беруші жол берілген ақшалай талап сомасын төлегенге дейін факторинг шартының кез келген негіздер бойынша бұзылуы Мердігерді Шарттың 7.2.13-тармағында көзделген айыппұлды төлеу міндетінен босатпайтынына кепілдік береді.

16. Санкциялық ескерту

16.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Мердігердің кепілдіктері негізінде және оларға адал сенім артады. Мердігер: (a) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да, Мердігердің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді; Мердігердің Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Мердігер Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және Шартқа сәйкес оның нақты орындалған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

күніне дейін – Мердігердің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (c) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

16.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Мердігер екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

16.3. Шартты жасасу және/немесе оны Мердігердің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайды.

16.4. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

16.5. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

16.6. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

16.7. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

16.8. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не теңге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 16.9-тармағының ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

16.9. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен жүзеге асыру не теңге өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша орынсыз деп танылса, Тапсырыс беруші Мердігерді бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенетінін растайды және келіседі және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны теңге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы-Тараптың банктік шотының деректемелерін бірлесіп жазбаша нысанда келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

16.10. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 16.8 -тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша _, жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

17. Шот-фактураға арналған реквизиттер

17.1. Алушы: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы,БСН 020540003431мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, Ақмола обл., Астана қ., ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ көш., 6-үй.

17.2. Жүк алушы: «ҚТЖ» «ҰК» АҚ филиалы «Қарағанды пайдалану вагон депосы» Балқаш пайдалану вагон депосы (ВЧД-14 Балқаш) БСН: 250741003749 ЖСК: KZ76601A191028825171 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК: HSBKKZKX Заңды және пошталық мекенжайы: 100103, Балқаш қ., ст.Балқаш-1, Тікшоқы көшесі, 192-ғимарат.

18. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	_____
Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 6	_____
БСН 020540003431	_____
БСК HSBKKZKX	БСН _____
ЖСК KZ376010111000018002	БСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	ЖСК _____
Тел.: +7 (717) 260-5388	_____
_____ _____	Тел.: _____
	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
5442 Р	Баспа формаларын/мөрлерді/трафареттерді дайындау бойынша жұмыстар, Баспа үлгілерін/мөрлерді/трафареттерді және ұқсас өнімдерді дайындау жұмыстары	Бекітілген техникалық ерекшелікке сәйкес. Қарапайым негіздегі мөр, 40*60 мм	1.000	1.000	-		19 143	ҚАЗАҚСТАН, Қарағанды облысы, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Тікшоқы, здание 192	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%
5441 Р	Баспа формаларын/мөрлерді/трафареттерді дайындау бойынша жұмыстар, Баспа үлгілерін/мөрлерді/трафареттерді және ұқсас өнімдерді дайындау жұмыстары	Бекітілген техникалық ерекшелікке сәйкес. Автоматты түрде орнатылатын дөңгелек мөр, диаметрі 40 мм.	1.000	1.000	-		6 848	ҚАЗАҚСТАН, Қарағанды облысы, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Тікшоқы, здание 192	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%
5440 Р	Баспа формаларын/мөрлерді/трафареттерді дайындау бойынша жұмыстар, Баспа үлгілерін/мөрлерді/трафареттерді және ұқсас өнімдерді дайындау жұмыстары	Бекітілген техникалық ерекшелікке сәйкес. Автоматты негізге орнатылған, екі қатарлы, 14*38 мм өлшемді мөр.	1.000	1.000	-		18 198	ҚАЗАҚСТАН, Қарағанды облысы, Карагандинская область, г. Балхаш, ул. Тікшоқы, здание 192	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 12.2026 дейін.	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Национальная компания "Қазақстан темір жолы", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/субподрядчиком обязательств, предусмотренных пунктами 10 и 10-1 статьи 61 Порядка, в том числе посредством анализа итогов рассмотрения поставщиком работ коммерческих предложений, представленных посредством веб-портала закупок в рамках пункта 10 настоящей статьи 61 Порядка.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

